1-тапсырма.

Эссе.

Жоспар:

1) Тәуелсіз елдің жастары мен мәдениеті туралы жазу;
2) Қазіргі замандағы ғылым, мәдениет пен жастарды бұрынғы жастар, мәдениет пен ғылыммен салыстыру;
3) Өз көзқарасымды және пікірімді нақтылай жеткізу.

"Тәуелсіздіктің 30 жылдағы: жастар, ғылым, руханият„

Биылғы жылы қазақ халқының өз тәуелсіздігін алғанына 30 жыл толған еді. Ата-бабамыздың ғасырлар бойы арманы еді-ау, шіркін... Сонау 1991 жылдан бері заман ғана емес, талай адам мен мәдениетіміз өзгерді. Енді, тәуелсіз елдің жастары туралы айтатын болсам, қазіргі кездегі жастардың көбінде үлкенге деген сыйластық жоқ. "Үлкенге-құрмет, кішіге ізет„-деген атымен де жоқ. Мұны сол күйде қалдырмау керек. Жастардың тәрбиелігі мен сауаттылығына көп көңіл бөлуіміз қажет. Жастар — ел болашағы. Сондықтан, болашағымыз жақсы болуы үшін, жастардың тәрбиесіне ғана емес, олардың біліміне де көңіл бөлу қажет. Расында да, ғаламтор пайда болғалы жастар білім алудан қалды. Кітап оқитын жастар өте аз. Сонда ертеңгі келешегіміз не болмақ? Мұның алдын алу үшін жастарға оқуға деген қызығушылығын, үлкен адамға деген сыйластық пен өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту қажет.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазіргі кездегі ғылым туралы айтсақ, бұрыңғы кездегі ғылым салаларына қарағанда аспан мен жердей. Құдайға шүкір, білім мен ғылым жағынан еліміз жайнай түсті. Бұрынғы кезде халқымыз сауатсыздықтан азап шекті. Бірақ қазіргі заманда ғылым мен білім ғана емес, медицина, экономика жағынан дамып жатырмыз... Енді руханият, яғни мәдениетіміз туралы айта кетсек, қазіргі кезде мәдениет дамып жатыр. Көптеген мерекелерде өз мәдениетімізге байланысты іс-шаралар өткізіліп жатыр. Яғни халқымыздың мәдениеті дамып жатыр деген сөз. Бірақ, қазіргі заманда халықтың көбі, мейлі ол қазақ болсын не басқа ұлт болса да, көбінесе орыс тілін қолданады. Онда біз өз тілімізде сөйлемесек, ертеңгі таңда кім боламыз?! Бұл мәселені шешу үшін, халықтың өз тілі мен мәдениетіне деген құрметін білдірту қажет. Біз өз ана тілімізде сөйлемесек, тіліміз бен дәстүрлерімізге құрметтемесек, бізді кім құрметтейді? Сол себепті біз өз тілімізді, елімізді, дәстүр мен мәдениетімізді сақтап, үлкен құрметпен бағаласақ, болашағымыз нұрлы да шырайлы болар деген ойдамын!

2-тапсырма.

1) Қамыттасқаннан — қамыт — түбір; тас — сөз тудырушы жұрнақ; қан — тәуелдік жалғау (III жақ); нан — ~~[illegible]~~ шығыс септік жалғау.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

2) баламасынан – баламас - түбір; ы - ~~жіктік~~ тәуелдік жалғау (III жақ);
нан - шығыс септіктің жалғауы.

3) күттірер - күт - түбір; тір - сөз тудырушы жұрнақ; ер-
~~тәуелдік~~ жіктік жалғау (III жақ).

4) берізетін - бер - түбір; ізе - сөз тудырушы жұрнақ; тін-
жіктік жалғау (II жақ).

5) алғашқы - алғаш - түбір; қы - сөз тудырушы жұрнақ.

6) отырушы - отыру - түбір; шы - сөз тудырушы жұрнақ.

7) Одан - түбір сөз.

8) ойлантатын - ой - түбір; лан - сөз тудырушы жұрнақ;
татын - жіктік жалғау (III жақ).

9) иеленіп - ие - түбір; лен - сөз тудырушы жұрнақ;
іп - жіктік жалғау (I жақ).

10) іргетасын - ірге - түбір; тас - сөз тудырушы жұрнақ;
ын - жіктік жалғау (III жақ).



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ